

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2013 жылдың 24 қаңтарындағы
№ 15 хаттама)

б е к і т і л д і

2013 жылдың 01 сәуірінен бастап

қолданысқа енгізілді

Фьючерстер бойынша маркет-мейкерлердің міндетті баға белгілеулеріне және комиссиялық алымдар дисконттарының мөлшеріне қойылатын **Т А Л А П Т А Р**

Алматы қ.

2013

ЛИСТ ПОПРАВOK

1. №1 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2014 жылдың 14 шілдесіндегі № 100 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 15 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) осы талаптары Биржалық кеңестің 2012 жылдың 26 қарашасындағы шешімімен (№ 27 хаттама) бекітілген, Маркет-мейкерлер туралы қағиданың ажырамас бөлігі болып табылатын, фьючерстер бойынша маркет-мейкерлердің маманданымының 1.1, 1.2, 4.1 тармақтарына сәйкес әзірленіп, фьючерстер бойынша үздік міндетті баға белгілеулердің минималды көлемдерін, фьючерстер бойынша міндетті баға белгілеулері үшін спрэдтің максималды мәндерін, қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша үздік міндетті баға белгілеуінің бағасы осы атаудағы фьючерстермен жасалған соңғы мәміленің бағасынан айырмасының мөлшерін және фьючерстер бойынша маркет-мейкерлердің Биржаның сауда-саттық жүйесінде фьючерстермен мәмілелер жасасқандағы комиссиялық алымдарды төлеуге дисконттар (жеңілдіктер) көлемін белгілейді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2014 жылдың 14 шілдесіндегі шешімімен толықтырылған)*.

Осы ішкі құжаттақолданылған түсініктер Биржаның ішкі құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған түсініктерге ұқсас.

1 бап. Қор фьючерстері бойынша міндетті баға белгілеулерге және дисконттарға қойылатын талаптар

1. Қандай да бір атаудағы жай акцияларға немесе KASE Индексіне қор фьючерсін сатып алу (сату) бойынша маркет-мейкердің үздік міндетті баға белгілеуінің минималды көлемі:
 - 1) үш айлық фьючерс бойынша – 100 келісімшартты;
 - 2) алты айлық фьючерс бойынша – 50 келісімшартты құрайды.
2. Қандай да бір атаудағы жай акцияларға немесе KASE Индексіне қор фьючерсі бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәні:
 - 1) үш айлық фьючерс бойынша – осы фьючерстің нормалы күйінде осы фьючерсті сатып алуға міндетті баға белгілеуінің бағасынан 4 % немесе волатильді күйінде 6 %;
 - 2) алты айлық фьючерс бойынша – осы фьючерстің нормалы күйінде осы фьючерсті сатып алуға міндетті баға белгілеуінің бағасынан 5 % немесе волатильді күйінде 8 % құрайды.
3. Қандай да бір атаудағы жай акцияларға немесе KASE Индексіне қор фьючерсі бойынша маркет-мейкерлердің комиссиялық алымдарын есептеу үшін дисконттар мәні осы фьючерстің нормалы күйінде 50 % немесе волатильді күйінде 30 % құрайды.

Маркет-мейкер қор фьючерсінің волатильді күйінде осы фьючерстің нормалы күйіндегі спрэдтің мәнін қолдаған жағдайда комиссиялық алымдарды есептеу үшін осы фьючерстің нормалы күйіндегі дисконттары қолданылады.
4. Қандай да бір атаудағы қор фьючерстері бойынша үздік міндетті баға белгілеуінің бағасы осы атаудағы қор фьючерстерімен жасалған соңғы мәміленің бағасынан 30 %-дан аса ауытқымауы тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2014 жылдың 14 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

2 бап. Валюталық фьючерстер бойынша міндетті баға белгілеулерге және дисконттарға қойылатын талаптар

1. АҚШ долларының теңгеге бағамына валюталық фьючерсін сатып алу (сату) бойынша маркет-мейкердің үздік міндетті баға белгілеуінің минималды көлемі:
 - 1) үш айлық фьючерс бойынша – 100 келісімшартты;

- 2) алты айлық фьючерс бойынша – 50 келісімшартты құрайды.
2. АҚШ долларының теңгеге бағамына валюталық фьючерсі бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәні:
 - 1) үш айлық фьючерс бойынша – осы фьючерстің нормалы күйінде 0,5 немесе волатильді күйінде 1 теңгені;
 - 2) алты айлық фьючерс бойынша – осы фьючерстің нормалы күйінде 0,8 немесе волатильді күйінде 1,6 теңгені құрайды.
3. АҚШ долларының теңгеге бағамына валюталық фьючерсі бойынша маркет-мейкерлердің комиссиялық алымдарын есептеу үшін дисконттар мәні осы фьючерстің нормалы күйінде 50 % немесе волатильді күйінде 30 % құрайды.

Маркет-мейкер валюталық фьючерстің волатильді күйінде осы фьючерстің нормалы күйіндегі спрэдтің мәнін қолдаған жағдайда комиссиялық алымдарды есептеу үшін осы фьючерстің нормалы күйіндегі дисконттары қолданылады.
4. Қандай да бір атаудағы валюталық фьючерстері бойынша үздік міндетті баға белгілеуінің бағасы осы атаудағы валюталық фьючерстерімен жасалған соңғы мәміленің бағасынан 30 %-дан аса ауытқымауы тиіс (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2014 жылдың 14 шілдесіндегі шешімімен енгізілген*).

3 бап.

Фьючерстер нарығының күйі

1. Осы талаптардың және Биржаның басқа да ішкі құжаттарының мақсаттары үшін, егер өзгесі Басқарма шешімімен қарастырылмаса, қор және (немесе) валюталық фьючерстер нарығының күйі нормалы деп саналады.
2. Биржа Басқармасы қор және (валюталық) фьючерстер нарығының күйін осы нарықтың түрді параметрлеріне қарай, соның ішінде осы нарықтың фьючерстерінің бағасының және (немесе) олардың базалық активтерінің ауытқуы мөлшерінен шыға отырып, дербес түрде анықтайды.
3. Биржа Басқармасы қандай да бір атаудағы фьючерстің маркет-мейкерінен осы фьючерс бойынша нарықты волатильді деп мойындау қажеттілігі туралы өтініш келіп түскен кезде және келесі шарттардың ең болмаса біреуі орындалғанда, осы атаудағы фьючерс бойынша нарықтың күйі волатильді деп мойындайды:
 - 1) соңғы бес сауда-саттық күні барысында осы фьючерстің есептесу бағасы, осы фьючерстің баға өзгеру шектелімі мөлшерлемесінен 50 % асатын, мөнге ауысқан жағдайда;
 - 2) соңғы үш сауда-саттық күні барысында осы фьючерстің есептесу бағасы, осы фьючерстің баға өзгеру шектелімі мөлшерлемесінен 70 % асатын, мөнге ауысқан жағдайда;
 - 3) соңғы бес сауда-саттық күні барысында бұл маркет-мейкер осы фьючерс бойынша үздік міндетті баға белгілеудің минималды мөлшерінен он еселі көлемде мәмілелер жасасып, орындаған жағдайда.
4. Биржа Басқармасының қандай да бір атаудағы фьючерстің нарығы күйі өзгеруі туралы шешімі осы фьючерс бойынша маркет-мейкердің назарына, Биржа Басқармасы осындай шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі сауда-саттық күннен кешіктірмей, Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) тиісті жаңалықты жариялау арқылы жеткізіледі.
5. Фьючерстер нарығының күйі туралы мәліметтер Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күні барысында маркет-мейкерге қол жеткізерлік.

Фьючерстер бойынша маркет-мейкерлердің міндетті баға белгілеулеріне және комиссиялық алымдар дисконттарының мөлшеріне қойылатын талаптар

Өтіп кеткен сауда-саттық күндеріне фьючерстер нарығының күйі туралы мәліметтерді (өзгерген жағдайда) маркет-мейкердің сауалы бойынша Биржа ұсынуы мүмкін.